

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Өндірістік кеңестің

Хаттамасы № 1

06.09.2021 жыл

Қатысқандар – бөбекжай

балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Топ бөлмелерін стандарт талаптарына сай жабдықтау туралы
2. «Бала өмірі мен денсаулығын қорғау» нұсқау жүргізу
3. Балабақшаның ойын алаңдарын және жаттығу алаңын әкетіп, сырлау туралы Еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі шаралары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйым қызметкерлері мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуына жауапты екенімізді білеміз, орындауға міндеттіміз демек, жана оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру үшін, талаптарға сай жабдыкталуымыз қажет. Балабақшаның материалдық техникалық базасы мықты Балаларға ойнау, ұйықтау, спортпен шұғылдану, ән айтып, би билеу, тамақтану белмелері бар, жағдай жасалған. Дамытушы орталар толықтыруларды қажет етеді. Тәрбиешілер әр топқа сәйкес дамытуша орта, топ бұрыштарымен көрнекіліктерімен толықтыру жұмыстарын жүргінуде. Мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі- бала өмірін қорғау және бала денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-көнекілік дамытушы ортаны құру. Ал спорттық ойындарға арналған құралдар да балаға қауіпсіз, ыңғайлы, бала санына жеткілікті, жас ерекшелігіне сай тура келуі керек. Спорттық құрал ретінде велосипед, кеглилер, самокат, секіртпелер, доғтар, құрсаулармен толықтыру керек құралдарды уқыты пайдаланып, таза ұсталуы керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ұ. Кулбаев бала өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу. Балабақша қызметкерлерін бала өмірімен денсаулығын қорғау және қызметкерлердің өз өмірін сақтау жөнінде нұсқаулықтарымен таныстырылып оны сақтауды тапсырды. Тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері

- топтағы әр баланың өмірі мен денсаулығына жауапты;
- балабақшада балалар үшін қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдай жасау.

-оқу тәрбие процесінің мемлекеттік стандарт талаптарын сай болуы, қауіпсіз жағдай жасау

-балаларды қараусыз қалдырмау керек.


-сабақ өткізу, ойнау, серуендеу, сауықтыру шаралары, барысында балабақша бөлмелерінде, тыс жерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. - балаларды жалғыз үйге жібермейді, бөгде адамдарға бермеу, себептер пайда болғанда меңгерушіге хабар беру қажет.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі Н. Калмуратов «Көктем бағы» акциясын өткізу туралы ұсыныс берді. Көктем мезгілі жаңару, көгерту мезгілі, сондықтан топта және балабақша ауласында гүлдер мен көшеттер отырғызу кезі екенін айтып өтті. Сондықтан топтарды гүлдендіру үшін ата-аналарды тарту, балалардың эстетикалық жағынан әсемделген топтарда жүріп тұруы олар үшін де жақсы екенін айтып өтті. Сонымен бірге балабақша ауласын әр топ өз учаскелерін әсемдеулері, кішкене аландарға балалармен гүлдер отырғызып оларға күтім жасау керектігін айтып өтті. Жаттығу алаңын әктеп, сырлау керекті айтылды. оларға күтім жасау керектігін айтып өтті.

Жиалыс қаулы етеді

1. Топтарды жабдықтау жұмыстары толықтырылсын. Спорттық құралдар жас ерекшеліктеріне сай толықтырылысыя.
2. Топтарда атқарылсын. санитарлық-гигиеналық талаптар сақталсын, жауапкершілікпен

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Өндірістік кеңестің

Хаттамасы № 2

06.12.2021 жыл

Қатысқандар – бөбекжай

балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Өткен пед кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Баяндама: «Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі».
3. Жылу мәселесі қазандықтары мен электр желілерін ретке келтіру туралы
4. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік сақтау ережелерін орындау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатқанын, балабақшада тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г. Исахова «Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі» тақырыбында баяндама мен таныстырып өтті. Баяндама барысында бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі Н. Калмуратов «Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне


дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметін жасады. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп, мұржалар тексеруден өткізіліп нештер қысыммен тексерілді. Барлық топ 20-220 С калыпты температура сақталуда екенін айтты. Меңгеруші вислебен жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды. Қауіпті жағдай туындаған жағдайда бастыларға жедел түрде хабарлау керектігін, Электр тогына қосылатын жылу жүйесін пайдаланбау, балаларға қауіпті екенін айтып өтті. От жағушы қазандықтардың жалпы жағдайы жайлы хабарлап,

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева балабақшада жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінің қандай шаралары сақтау керектігі жайлы айтып өтті. 20 желтоқсаннан бастап, акт залында өрт қауіпсіздік шаралары сақтай отырып язқалды, шырша орнатылатынын айтты. Ата-аналарға топ жиналыстарында жазатайым оқиғалар болдырмау мақсатында жадынамалар таныстырылсын.

Жиналыс қаулы етеді

1. Балалардың денсаулығын нығайтуда бірлесе жұмыс жүргізілсін.

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Өндірістік кеңестің

Хаттамасы № 3

01.03.2022 жыл

Қатысқандар – бөбекжай

балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Өткен пед кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Көктемгі жұмыстарға дайындық туралы
3. Аудандық білім бөлімінен келген бұйрықтардың орындалуы туралы. Тамақтану нормасының орындалуын талдау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақша іші жылы, жаңа жыл мерекесінде барлық қауіпсіздік шаралары сақталды. Балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру мақсатында сауықтыру шараларына арналған құралдар көрмесі жақсы өтті. Балалар таңертеңгі жаттығу кезінде және ұйқыдан кейін жасалатын шынықтыру шараларында осы құралдарды қолданып жатыр.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі Н. Калмуратов көктем мезгілі балалардың далада көп жүретін кезі екеніне тоқталып, балабақшаның тазалығы және тәртібі жайлы ескертулер берілді. Демалыс кездерінде балабақша қауіпсіздігіне күзетшілердің жауаптылығы тапсырылды. Аула тазалаушыға өз міндеттері ескертілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева аудандық білім бөлімінен келген бұйрықтардың барлығы орындалды. Тамақтану нормасы талаптарға сай жасалынуда

Жиналыс қаулы етеді

1. Тапсырмалар уақытында орындалуда

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметін жасады. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп, мұржалар тексеруден өткізіліп нештер қысыммен тексерілді. Барлық топ 20-220 С калыпты температура сақталуда екенін айтты. Меңгеруші вислебен жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды. Қауіпті жағдай туындаған жағдайда бастыларға жедел түрде хабарлау керектігін, Электр тогына қосылатын жылу жүйесін пайдаланбау, балаларға қауіпті екенін айтып өтті. От жағушы қазандықтардың жалпы жағдайы жайлы хабарлап,

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева балабақшада жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінің қандай шаралары сақтау керектігі жайлы айтып өтті. 20 желтоқсаннан бастап, акт залында өрт қауіпсіздік шаралары сақтай отырып язқалды, шырша орнатылатынын айтты. Ата-аналарға топ жиналыстарында жазатайым оқиғалар болдырмау мақсатында жадынамалар таныстырылсын.

Жиналыс қаулы етеді

1. Балалардың денсаулығын нығайтуда бірлесе жұмыс жүргізілсін.

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Өндірістік кеңестің

Хаттамасы № 4

10.05.2022 жыл

Қатысқандар – бөбекжай

балабақша педагогтары

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу.
3. Қорытынды мониторинг
4. Жазғы сауықтыру кезінде бала денсаулығын нығайту. Жазғы жөндеу жұмыстары туралы. Ашық сабақтарды талқылау

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі Ж. Нурдилдаева орындалуы бойынша айтылған кемшіліктер орындалғанын, тазалық жұмыстары толыққанды жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ұ. Құлбаева жазғы сауықтыру шаралары туралы медбике өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. «Жұкпалы ауруларға қарсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы» ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстырды. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек. Жаз мезгілінде жұкпала вирустардың көбейетінін айта келе меңгеруші қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева қорытынды мониторинг нәтижесі туралы айтып өтті. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері жоғарғы деңгейде болды. Әрбір жас тобында балалардың жетістіктері объективті қадағалауға мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге педагогтердің түзету іс шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейінің айқындауға мүмкіндік


беретін мониторинг қорытындысы жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың спорттық ойындардың элементтерін білуі, спорттық жаттығуларды орындау техникасын меңгеруі, орташа таңертеңгілік гимнастикаға дейін қызығушылығы бар екендігі байқалды. Балалардың көшеде, қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс тұрыс ережелері туралы білім жоғарғы деңгейде қалыптасқан.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова жазғы сауықтыру шаралары туралы тәрбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. Жазғы сауықтыру не шаралар жоспарымен кіші қызметкерлерді таныстырды. Бекітілген іс шара жоспары бойынша «доп» мерекесін. «Нептун мерекесін, «Гүлдер» мерекесін, «Кала үстіндегі асем шараир» және «Спорт күні» мерекелері аталып өтілсін.

Жиналыс қаулы етеді


1. Жаз мезгілінде болатын аурулардың сақтық шаралары қолға алынсын.

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова